





Обенов Бейсенбек

1923 жылы Қараторғай болысының №2 ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы басталған жылы майданға өз тілегімен барамыз деушілердің бірі. Әскер қатарында 751-дивизия құрамындағы атқыштар полкінде зеңбірек взводы командирі болған. Кенинсберг қаласын алудағы ұрыста жас командирдің ерлігі бағаланып «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Соғыстан кейін елге оралып, 1947 жылы аудандық комсомол комитетінде кадр бөлімін басқарды. 1950 жылы аудандық комсомол комитетінің бюро мүшелігіне сайланды. 1953 жылы Алматыдағы Жоғары партия мектебін бітіріп, Торғай кен зерттеу геология экспедициясы бастығының саяси орынбасары болды. 1958 жылы Аманкелді аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1960 жылы жаңадан құрылған «Тасты», 1963 жылы «Родник» кеңшарларының директоры болып қызметтер атқарған. 1964 жылы қаңтар айында Алматы қаласындағы Жоғарғы партия мектебін аяқтап, елге келер жолда ұшақ апатына ұшырап, қайтыс болады.